

Бекітемін
«Қостанай облысы

әкімдігінің мәдениет

басқармасы» ММ

басшысы

Е. Калмақов

2021 жылғы « » ақпан



**Сатирик, жазушы, этнограф, ғалым Сейіт Кенжеахметов
атындағы «Мірдің оғы» республикалық
әзіл-сыйқақ театрлары фестивалінің
ЕРЕЖЕСІ**

Қазақтың талай қаймақтарының кіндік қаны тамған Торғайдың тұмасы Сейіт Кенжеахметов өмірінің соңына дейін мәдениет, руханият саласында аянбай еңбек етті. Ұлттық этнографияның мән-маңызы, жоғары таным-тағылымдарын талмай зерттеген жазушының соңында мәңгілік өшпейтін, өлмес мол мұра қалды. Сейіт Кенжеахметовтің сатира саласындағы сүбелі дуниелері 1967 жылдың жарық көрген «Кәрі шенгелден» бастау алып, «Куырдақ», «Аттеріс», «Сөз семсер», «Тышқантірлік», «Ел қулағы елу», «Хан барон – на сезон» сонымен қатар, «Қазіргі қазақ сатира» атты жаңа серияның тұңғышы – «Мірдің оғындай» деп аталатын тандамалы сатиралық өлеңдер мен мысалдар жинағын атап өтуге болады.

Сейіт Кенжеахметовтің қазақ халқының рухани дүниесіне қосқан баға жетпес туындыларын дәріптеу мақсатында, Қостанай облысы әкімдігі мәдениет басқармасының қолдауымен, облыстық көркемнерпаздардың халық шығармашылығы мен кинобейнең орталығының ұйымдастыруымен 2021 жылдың сәуір айында Қостанай қаласында республикалық әзіл-сыйқақ театрларының фестивалі өткізіледі.

Фестивальдің мақсаты мен міндеттері

- Сейіт Кенжеахметовтің шығармашылық мұрасымен танысу;
- облыстағы әзіл-сыйқақ театрларының орындаушылық шеберлігін шындау, өніріміздің талантты өнерпаздарын анықтау;
- әзіл-сыйқақ театрларының бір-бірімен тәжірибе алмасуы арқылы өнерлерін жетілдіру, жандандыру.

Фестиваль шартты

- фестивальге облысымыздың және республикамыздың басқа өнірлерінен келген әзіл-сыйқақ театрлары қатыса алады;
- фестивальге қатысатын ұжым 2 интермедия көрсетеді, көрсетілетін сахналық қойылымдар Сейіт Кенжеахметовтің шығармасынан болуы негізгі шарт болып саналады;
- шығарманың ұзақтығы -10-15 минуттан аспауы тиіс;
- фестиваль барысында қажетті музикалық, жарық, дыбыс эффектілерін қолдана алады;
- үздік ұжымдар Гала-концертте өнер көрсетеді.

Бағалау критерийлері

- сахналық мәдениеті;
- көркемдік деңгейі;
- әртістердің орындаушылық шеберлігі;
- эстетикалық және этикалық ұйымдылығы.

Қазылар алқасы

- қазылар алқасының құрамына мәдениет және өнер қайраткерлері, театр мамандары кіреді;
- қазылар алқасының шешімі хаттамамен рәсімделеді және оның барлық мүшелері қол қояды;
- дауыстар тәң болған жағдайда төрағаның дауысы шешуші болып табылады;
- қазылар алқасы ұйымдастыру комитетімен белгілеген жүлделі орындарды бермеуге немесе үміткерлер арасында бөлуге құқылы.

Отініштерді тапсыру шарттары

- өтінім (қойылымның атауы, ұжым жөніндегі мәлімет, фото, ұжымның тізімі, жетекшісінің аты-жөні) hsb@ocsnt.kz электронды поштасы бойынша қабылданады (байланыс телефоны: 8(7142) 56-04-12, 56-01-29).

Тамактану және жолақысы

- Қостанай облысынан қатысатын қатысуышылардың шығындарын жіберуші тарап төлейді;
- басқа өнірден қатысатын ұжымдардың шығындарын (тамактану және тұрғын жай) қабылдаушы тарап төлейді.